



педагогикалық
кеңесте қаралды
29.08 2024ж

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Шентимирова А.К
Булатбаева Ж.С**

**2023-2024 оқу жылына арналған
«Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де
тәрбие жұмысы жоспарының талдауы**

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В. Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» деп білгірлікпен деп басып айтқан.

Еліміздің ірге тасы берік қаланып, экономикасы жедел қарқынмен алға басып дамуы кезінде, жас буынға білім және тәрбие беріп жатқан мектептеріміздің алатын орны ерекше. Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалатындығы өмір шындығы. Бүгінгі мектеп оқушылары, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, оны алға апаратын азаматы болғандықтан, мектептердің дамуымен оның ертеңгі көк жиектері тәуелсіз мемлекетімізбен қоғамның басты назарында. Сондықтан да оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін

Тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйек № 294 шығыс хатын басшылыққа ала отыра «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы бұйрығы негізінде құрастырылды. Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және отандық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, ұлттық мұраны қастерлеуге, отаншылдық пен мемлекетшілдікке, жауапкершілікке, мейірімділікке, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғи ресурстарды үнемді қолдануға, адал еңбекті құрметтеуге, тәрбие және оқу процесіндегі үйлесімділікті қолдануға, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
6. **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;

Елінің тарихын құрметтейді;

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;

Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның.

Отанның бірімшесі екенін сезіну. Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талапқұндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды.

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

1. Мектеп жұмысы тәрбие жұмысының орталығы ретінде: жалпы іс-шаралар;
2. «Жасұлан мен жасөспірімдер» ұйымы, үйірме жұмыстары;
3. Мектептен тыс ұйымдармен жұмыс;
4. Ата-аналармен жұмыс; Ата-аналарды педагогикалық қолдау; Даналық мектебі
5. Сынып жетекшілердің жұмысы;
6. Психологпен жұмыс;
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.
8. Әлеуметтік педагог жұмысы
9. «Төрт тоқсан төрт өнер»
10. «9 айға 9 іс-шара»
11. «Оқуға құштар мектеп»
12. «Ұшқыр ой дебат» клубы
13. «Балалар және театр» жобасы
14. Еңбегі адал жас өрен (Еріктілермен жұмыс)
15. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы
16. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы
17. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы
18. Мектеп ішілік басқару мен бақылау;

2023-2024 оқу жылында мектебімізде 31 класс 28 сынып жетекші жұмыс атқарды. Олардың ішінде зерттеуші санатты-2, жоғары санатты - 1, сарапшы - 11, педагог модератор - 6, бірінші санатты -1, санатсыз педагог саны -6. Мектебімізде барлығы 567 бала білім алды. Сыныптар жиынтығы: 1 сынып-3, 2 сынып - 4, 3 сынып -2, 4 сынып - 3, 5 сынып - 3, 6 сынып - 3, 7 сынып -3, 8 сынып - 3, 9 сынып - 3, 10 сынып - 2, 11 сынып – 2 құралған. Аптасына бір рет өткізілетін тәрбие сағаттары белгілі бір бағытқа ал, апталықтар белгілі бір күнге мемлекеттік мерекелерге арналды. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер істеріне қатысу мен рейдтер, байқаулар, жарыстар өткізу болды. Тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шараларын жүзеге асыруда мектеп психологі, әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері белсене араласты.

1 қыркүйек – Білім күніне орай «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбындағы салтанатты жиын өтті. 1-11-сынып оқушылары, ата-аналар, сынып жетекшілер, ұстаздар қатысты. Салтанатты жиында бірінші класқа 60 бүлдіршін қабылданды. 2-11 сынып оқушыларына «Мектебім – мейірім мекені», «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштікпен және отаншылдық», «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында класс сағаттары өткізілді.

5-қыркүйектен бастап тіл мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Тіл-достықтың тірегі» (А. Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы») тақырыбында апталық өтті. Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Спорт ойындары күні» дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен спорттық акция ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды мектеп партасында қалыптастыру бағытында 1-11 сынып оқушыларына «Адалдық сағаты» өткізілді. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторының қатысуымен ай сайын оқушылармен профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды.

Аптасына бір рет өткізілетін тәрбие сағаттары белгілі бір бағытқа ал, апталықтар белгілі бір күнге мемлекеттік мерекелерге арналды. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер істеріне қатысу мен рейдтер, байқаулар, жарыстар өткізу болды.

Темір аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің жоспарына сәйкес жасөспірімдерді отансүйгіштікке баули отыра, жауапкершіліктерін арттыруда «Қобыланды батыр» атындағы әскери-патриоттық үйірмесіне 10-класс оқушыларынан 20 оқушы қабылданды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне-33 жыл толуына орай 1-11 класс оқушыларына қыркүйек айында «Қазақстан Республикасының қазіргі армиясы» тақырыбында бейне фильм көрсетілді. Қазан – мамыр айларында 10 сынып оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов Е.А «Жас сарбаз» ӘПК –ның преаматикалық мылтық ату» чемпионатын ұйымдастырды. Сонымен қатар оқушыларға желтоқсан оқиғасына арналған бейнеүзіктер көрсетілімі, «Б. Момышұлы-қазақ халқының ұлы әйгілі қолбасшысы» тақырыбында ерлік сабағын өткізді. Біздің мектебіміздің 10-11 кластардың ер балалары аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, бірінші, екінші орындарды иеленді. 7-сыныптар арасында мектебімізде «Жас қыран» жас жол инспекторлары тобын құрып, жоспары бекітіп оқушыларды жол белгілері ережелерін таныстырып, «Жол белгілері» сурет көрмесін, «Жол ережесі туралы не білеміз» тақырыбында 5-7 класс оқушыларына дөңгелек үстел, «Абайлаңыз балалар!» тақырыбында 1-4 кластардың оқушыларына сурет байқауы, сонымен қатар жол полиция қызметкерлермен кездесулер, тәрбие сағаттары өтті.

Қазақ қарты жасына лайық аузы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойыс терең ақылы тілегей теңіз болып келеді. Міне сондай теңеуге лайық қарияларды жылына бір келетін 1 қазан қарттар күнімен құттықтай отырып, қол көмегімізді жасап жәрдем берілді. «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар ұйымының ұйымдастыруымен мектебімізде халықаралық қарттар күніне орай «Қариясын қастерлеген ел ардақты» мерекелік кездесу өткізілді. Өз кезегінде ата-әжелеріміз оқушыларға рақмет айтып риза болды. Қандай жағдай болмасын көмек көрсету дайын екендерін айтып оқушылар жылы лебіздерін білдірді. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім тірбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтанда ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Ұстаз ұлағатты есім апталығы аясында «Ұстаз – ұлы тұлға» 1-11 класс аралығында класс сағаттары өтті. Оқушылар сүйікті ұстаздарына өлең шумақтарын арнап құттықтауларын ыстық лебіздерін жолдады. 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне лғысым шексіз – Анаға» атты мерекелік кеш өтті. 22 наурыз – Наурыз мерекесіне арналған аудандық іс-шаралар жоспарына сәйкес 14 наурыз күні- Көрісу күніне орай «Амал келді, Жыл келді!» атты барлық сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өтті. 15 наурыз күні «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында челленджер ұйымдастырылды. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай барлық сыныптарда бірлік сабақтары өтті. Сонымен қатар «Құстарға ұя сыйла», «Тал егу-игі іс» тақырыбында экологиялық акция ұйымдастырылды. 7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай «Ерлік-ұрпаққа мұра», «Біз Отан қорғаушылармыз», «Еркін елдің ұланымыз» атты барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Ұлы Жеңіс үшін мақтаныш пен патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында «Жеңіс хаты» акциясы ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілерде оқушылардың жеңіс күніне орай «Желбірей бер, Жеңіс туы, мәңгілік» атты құттықтауы салынды. 25 мамыр күні «Мектебім саған мың алғыс» тақырыбында 11 сынып оқушыларына салтанатты кеш ұйымдастырылды. 1 маусым «Балаларды қорғау» күніне орай «Алтын балалық шақ» тақырыбында мерекелік шара өткізілді. 4 маусым «Рәміздер күніне» орай «Рәміздерім мақтанышым» тақырыбында мерекелік шеру өтті. Сонымен қатар бірайғай мемлекеттік әнұран орындалды.

2023-2024 оқу жылында Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары 7 бағыт бойынша құрылып бекітілді. Жоспар бойынша қыркүйек айында «Менің қымбатты және сүйіктілерім» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты насихаттау, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру. Көрмеге оқушылар өз отбасымен түскен өздеріне жақын суреттерінен коллаж жасап көрмеге қойылды. «Өз отбасында бақытты бола білген жан

ғана шын мәнінде бақытты адам» деген әйгілі орыс классигінің сөзі бар. Асылында, отбасы әр адам үшін маңызы зор ұғым. Қолдауды, көмекті қуанышты біз отбасымызда сезінеміз. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі ерекшеліктері өзіне ғана тән мәдени құндылықтары бар. Жылдық жұмыс жоспар құрылып оқушылардың сабақ қатысымын бақылау журналы жүргізілді. «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері тағайындалды. Ұйымның атрибутикасымен таныстырылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында Отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасындағы мейірімділікті ұлғайтуға септігін тигізу мақсатында «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін қауіпсіздігін білуге сәтте сақтау мақсатында «Қауіпсіз мектеп автобусы» сурет көрмесі ұйымдастырылды. 6-7 кластар арасында «Денсаулық күніне» орай «Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ» атты іс-шара өткізілді. Халықаралық қарттар күніне орай «Қариясын қастерлеген ел ардақты» атты мерекелік кездесу өткізілді. Ардагер ұстаздар қонақ болып келді. Мектеп оқушылары өздерінің өнерлерін көрсетті. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Сағындырған кездер-ай» атты ретро мерекелік кеші өткізілді. 9-11 сынып оқушылары белсене қатысып, өз-өнерлерін ортаға салды. Оқушылар жүлделі орындармен марапатталды. Қазан айында 5-7 сынып оқушыларына «Күзгі балл-2023» сайысы өткізілді. Сайысқа оқушылар белсене қатысып, өнерлерін ортаға салды. Қазан айында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» 8-11 сынып оқушы қыз балаларға дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Қараша айында 8-11 сынып оқушы қыз балаларға «Волейбол» жарысы ұйымдастырылды. Волейболдың ерекшелігі үйірме жетекшілерімен бірге қатысты. «Сыбайлас-жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында видеоролик түсірілді. Желтоқсан айында «Кино тайм» 10-11 класс оқушыларына ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушыларына «Dimand party» көңілді кеші ұйымдастырылды. Кеште қызықты ойындар ойнап, соңы би кешімен аяқталды. Жаңа жылдық шыршаны безендіру жұмыстары жүргізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымы ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Волейбол» жарысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен зейнеткер ұстаздарды құрметтеу мақсатында ардагерлерге барып алғыс айту күнімен құттықтап келдік. 1 наурыз алғыс айту күніне орай «Алғысым шексіз сіздерге» атты мерекелік кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Алғысым-шексіз Анаға» атты мерекелік кеш өткізілді. Келген қонақтарымыз жылы лебіз, ыстық ықыластарын білдірді. 22 наурыз жаңа жылымызды ауылдық мәдениет үйімен бірлесіп, ауыл тұрғындарына көже таратты.

Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп бітіруші түлектерге арналған «Graduate party» түлектер кешін өткізді.

Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді кешенді жүзеге асыру үшін мектебімізде спорттық ақылы түрде 6 үйірме жұмыс жүргізеді.

Үйірмелерге бөлінген сағат саны мен оқушылар саны бойынша :

	Атауы	Оқушы саны	Жауапты мұғалім
Волейбол	20	Токтамысова А	
Волейбол	20	Ахметова А	
Жеңіл атлетика	14	Жұбашева Ж	
Теннис	18	Байниязов Е	
Волейбол	31	Наурызбаева А	
Волейбол		Сұлтанов Қ	

Үйірме жұмыстарының сағат саны қыркүйек айында бөлініп, уақытылы бекітілді. Ақылы үйірмелердің барлығы сенбі күнінде өткізілді. Тізім бойынша үйірменің уақытылы өтуі апта сайын қарастырылды. Тексеру барысында үйірме оқушыларының тізім бойынша келуіне ескерту айтылды. Үйірме жұмыстарын тексеру барысында оқушылардың қызығушылықпен келетіндігі және жұмыс нәтижесі жетістіктермен көрінетіндігі байқалды. Оқушылардың сыныптан тыс уақытындағы жұмыстары дене жаттығуларымен ұйымдасқан түрде айналысу жүйесін құрайды. Біздің мектептің спорт залында волейболдан, теннистен, жеңіл атлетикадан үйірмелері жұмыс жасайды. Оқушылар үйірмелерге өз қалауымен қатысады. Волейбол үйірмесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай топ құрайды. Үйірме жұмыстары уақытылы жүйелі түрде өткізіліп отырды.

Ата-анамен жұмыс жүргізудің ең қолайлы түрі ата-аналар жиналысы. Сондықтанда ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі – оқу жылында

4 рет өткізілетін жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып табылады.

Жалпы ата-аналар жиналысын ұйымдастыру, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында қыркүйек айында «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі қоғамдастық», қараша айында «Адалдық атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығы, «қаңтар айында «Құқық мәдениет және оның маңызы», наурыз айында «Бала қауіпсіздігі мен тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу», мамыр айында «жазғы каникул кезіндегі еңбек пен демалыс» тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023ж 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, ата-аналарға өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруда көмек көрсету, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру, педагогикалық қолдау көрсету мақсатында Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебінде, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылуына байланысты мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» 1-4 сынып білім алушылары, 5-8 сынып білім алушылары, 9-11 сынып білім алушылары ата-аналарына берілген тақырыпта тәжірибесі мол, шығармашыл ұстаздардың дайындығымен ата-аналар қауымына сабақ жүргізетін жоспар құрылды.

Қазан айында 1-4 сынып ата-аналарына ата-аналардың интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту мақсатында «Құмар ойындары-тәуелділік қақпаны» Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады? Тақырыбында тренинг-сабақ өткізілді. Тренинг барысында ата-аналар арасында балалардың компьютерлік ойындардың «артықшылықтары» мен «кемшіліктері» туралы талқылады. «Жасөспірімдер интернетте не істейді?» тақырыбында топтық жұмыс жүргізіліп, ойларымен бөлісті. Сонымен қатар «Рөлдік ойын» кейс жағдайды ойнап талқылады. Балаларды ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болатынын білу және олардың жағдайын түсіну мақсатында ата-аналарға сауалнама жүргізілді.

Қараша айында 5-9 класс ата-аналары арасында оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту мақсатында «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында ата-аналарға тренинг сабақ өткізілді. Сабақ барысында жасөспірімдердің қалыптасу кезеңдеріндегі жас ерекшеліктері туралы айтылды. «Терабитияға көпір» фильмінен үзінді көрсетіліп, ата-аналар сұрақтарға жауап берді. Ата-аналар «Позитивті ата-ана болу дегеніміз не?», «Қалай позитивті ата-ана болуға болады?», «Позитивті ата-ана болуға апаратын қадамдар» сұрақтарына жауап берді. Тренинг аяғында ата-аналар өз ойларын, тілектерін, пайдалы ұстанымдарын айтты.

10-11 класс ата-аналармен ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту мақсатында «Құмарлыққа бой алдыру- тәуелсіздік құрдымы» тақырыбында тренинг-сабақ өткізілді. Ата-аналарға тәуелділік түрлері таныстырылып, бейнетаспа арқылы оқушылардың тәуелділіктің психобелсенді заттарды қолданудағы күтілетін нәтижесі талқыланып, ата-аналар өз ойларымен бөлісті. Жоғары сынып оқушыларында тәуелділіктің қалыптасуы төрт кезеңнен тұратындығы туралы айтылып, әрқайсысына жеке-жеке тоқталынды. Қазіргі таңдағы ең басты проблемалардың бірі семіздік, құмар ойындар оларға тәуелсіздің басты белгілері туралы таныстырылды. Ата-аналарын өз ойларын ортаға салып, бір – бірінің ақыл кеңестерімен бөлісті. Ата-аналар өткізген сабаққа ризашылығын білдірді. Ата-аналарға «Сіздер балалардың интернетте не істейтінін білесіздер ме?» деген ата-аналар жауап берді. Ата-аналарды «Онлайн» және «Офлайн» топтарына бөліп, интернетте қандай қауіп-қатер түрлері бар екені, «интернетке тәуелді» жасөспірімдердің мінез-құлықтарында қандай ерекшеліктері бар екендігі туралы, кибербулинг туралы талқылау жүргізілді.

Қаңтар айында 1-4 сынып ата-аналарына ата-ананың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысының шарты ретінде балаға жағымды үлгі болуға дайындығын қалыптастыру мақсатында «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер. Балаға үлгі көрсету» тақырыбында тренинг – сабақ өткізілді. Ата-аналарға «Мен баламмен қанша уақыт біргемін?» сұрақ қойылып, ата-аналар өз ойларымен бөлісті. «Бала-ата-ана айнасы» тақырыбында бейнеүзінді көрсетілді. Ата-аналар өз тәжірибелерін ортаға салды. Ата-аналарға пайдалы ұсынымдар айтылды.

Ақпан айында 5-9 сынып ата-аналарына ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Бұлақ көрсен, көзін аш. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз» тақырыбында тренинг-сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында отбасы жағдайында жасөспірімдердің шығармашылық ойын дамыту әдістері, тіректер арқылы ертегілерді ойлап табу, қазіргі отбасы жағдайында балалардың шығармашылығын дамытудағы ұлттық балалар ойындарының маңызы, балалармен шығармашылық сабақтардың тиімділігін арттыру, шығармашыл тұлғаны дамыту барысында отбасы мен мектептің өзара әрекеті туралы ой бөлісіп, ата-аналардың пікірлері тыңдалды.

Наурыз айында 10-11 кластың ата-аналарына ата-ананың күйзеліске қарсы тұру және баласына да осындай көмек көрсету қабілетін қалыптастыру мақсатында «Күйзелістен шығар жол» тақырыбында тренинг-сабақ жүргізілді. Сабақ барысында ата-аналарға «Қарым-қатынас конверті» ширату ойыны ойнатылды. Күйзеліс туралы мультфильм көрсетіліп, күйзелістен арылудың 10 жолы таныстырылып, ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Сәуір айында 5-9 кластардың ата-аналарына ата-аналардың отбасы бақыты мен ұрпақтар сабақтастығының негізі ретінде отбасылық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына. Құндылықтар-отбасы бақытының негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Балалардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін отбасылық құндылықтар туралы талқылау сұрақтары қойылып ата-аналар тарапынан жауаптар тыңдалды. Жиналыстарда ата-аналар белсене қатысып, өздерінің ойларымен бөлісті. Өздеріне керекті көптеген ақпарат алғандарын айтып, алғыстарын айтты.

Қыркүйек айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жобасы аясында

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» ұйытқы болуымен «Даналық мектебі» іс-шарасының жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының негізгі мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым қатынасын күшейту, сондай ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту болып табылады. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау мен Даналық мектебіне» мектебімізде арнайы бұрыш жасақталды. «Даналық мектебінде» әже өсиеті, ата ақылы, ағалар мектебі, аналар мектебі өз жұмысын ай сайын жүргізіп отырды.

Желтоқсан айында 1-4 класс оқушылары мен әжелерді шақырып әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбиік құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету мақсатында «Ертегі – танымдық көзі» тақырыбында әжелермен кездесу өткізіліп, әжелердің ертегісі тыңдалды.

Қаңтар айында шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау мақсатында оқушылар мен аталар арасында «Жеті атасын білгенұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, аталар оқушыларға шежіре, жеті ата туралы, қан тазалығы ұлт болашағы екені туралы баяндап берді.

Желтоқсан айында «Отбасындағы және бала тәрбиесіндегі әке мен ананың ролі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қаңтар айында «Шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» тақырыбында 1-4 сыныптар аралығында бейнероликтер дайындалып, әлеуметтік желіге жүктелді.

Ақпан айында «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбында оқушылар мен ағалар арасында кездесу ұйымдасытырылып, ағалар өздерінің ақыл-кеңестерін ортаға салды.

Наурыз айында «Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбында жеңгелер мен қыз балалар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жеңгелерге қыз балалар көкейкесті сұрақтарын қойып, жеңгелер ақылын тыңдады.

Сонымен қатар «Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет» тақырыбында аталар мен оқушылар арасында дөңгелек үстел өтті.

Сәуір айында «Ырым- тыйым – әдептілік белгісі» тақырыбында оқушылар мен әжелер арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, әдептілік туралы, ырым-тыйымдар туралы, олардың мағынасы туралы ақыл-кеңестері айтты.

Сәуір айында «Әкелер күні» халықаралық мереке шеңберінде «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында әкелермен кездесу ұйымдастырылып, бала тәрбиесіне, тәртібіне ерекше үлес қосқан әкелер марапатталды.

Мамыр айында 8-11 класс қыз балалары мен жеңгелер арасында «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, жеңгелер кеңесі тыңдалды.

Мектеп психологтарының 2023-2024 оқу жылына арналған аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Қыркүйек айында 9-11 класс аралығында оқушылардың агрессия түрін анықтау мақсатында Басса-Дарки сұрақнамасы жүргізілді. Сұрақнамаға 9-11 кластар арасында 93 оқушы қатысты. Сұрақнаманың қорытындысы бойынша 5 оқушы агрессияға жақын деңгейді көрсетті. Анықталған оқушыларды нақтылау мақсатында жартылай сұхбатқа шақырылып, хаттамасы толтырылды. Жартылай сұхбат нәтижесінде оқушыларда агрессияға жақын деңгей нақтыланбады. Сонымен қатар "Қайырымды істер марафоны" атты акциясы аясында оқушылардың "Бақыт" құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, өзі мен өзгелерді бағалай білуге үйрету мақсатында 5-11 класс оқушылары арасында "Бақыт құпиясы" тақырыбында бір күндік психологиялық акциясы өткізілді.

Казан айында 8-11 класс окушыларынан стресс, депрессия, мазасыздық деңгейлерін анықтау мақсатында Дасс сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 147 окушы қатысты. Сауалнаманың қорытындысы бойынша окушыларды стресс, депрессия, мазасыздықтың ауыр, өте ауыр деңгейлері анықталмады. Қараша айында окушылардың топ ішіндегі қарым-қатынасын анықтау мақсатында 6-8 кластар арасында Дж.Мореноның «Социометрия» әдістемесі алынды. Әдістеменің қорытындысы бойынша 6 «а» класында Бақтығали Муслима, Бақтығали Жаслан және Мендіғұлов Асылхан класс лидерлері болып анықталса, кластың жұлдыздары болып Бақтығали Жаслан мен Мендіғұлов Асылхан анықталды. Оқшауланған окушылар анықталған жоқ, 6 «ә» класында Бауыржанова Ақбаян класс лидерлері болып анықталса, кластың жұлдыздары болып Бауыржанова Ақбаян мен Қалабаев Ербол анықталды. Оқшауланған окушылар анықталған жоқ, 6 «б» класында Нұртай Нұрасыл мен Тоқтамыс Әділжан лидер болып анықталса, Нигматуллина Карина, Нұртай Нұрасыл мен Тоқтамыс Әділжан класс жұлдыздары болып табылды. Оқшауланған окушылар анықталған жоқ. 7 «а» класы бойынша Дыбыс Ұлжан, Ерғалиева Мөлдір, Жанарыс Әли мен Сейсен Бақдәулет класс лидерлері болып анықталса, кластың жұлдыздары болып Дыбыс Ұлжан, Ерғалиева Арайлым, Ерғалиева Мөлдір мен Жанарыс Әли анықталды. Оқшауланған окушылар Болатов Әди, Кенжегулова Іңкәр, Құрманалин Диас пен Нұрла Диляра, 7 «ә» класы бойынша Бисенғали Мәдина, Жақсылықова Гүлназ, Киржанова Риза мен Сейіл Жансәуле класс лидерлері болып анықталса, кластың жұлдыздары болып Жұмабаев Сержан, Мұрат Еркін және Нұрберген Омар анықталды. Оқшауланған окушылар Жексенбай Сағыныш пен Құдайбергенова Арай. 7 «б» класы бойынша Садық Расул лидер болып табылды. Класс жұлдыздары болып Садық Расул мен Тоқтамыс Арайлым болды, ал оқшауланған окушылар жоқ. 8 «а» класы бойынша кластың лидерлері болып Бердіханов Махди мен Серғали Қолғанат анықталса, кластың жұлдыздары Абулхаир Іңкәр, Досжан Абдурахман, Жанболат Досжан, Мұхатр Елнұр, Мендіғұлов Әділхан, Рахимов Илияс, Сағынбай Аңдос пен Теміржанова Аянат болып анықталды. Оқшауланған окушылар анықталған жоқ. 8 «ә» класы бойынша кластың лидерлері Бауржанова Балнұр, Құбаева Ұлмекен және Нұрберген Исламбек болып анықталса, кластың жұлдыздары болып Досова Арайлым, Жеңіс Әділхан, Қалдыбаева Гүлбаршын, Қуанышбаев Ислам, Нұрлыбаев Осман және Төленді Жақсылық анықталды. Оқшауланған окушылар анықталған жоқ. 8 «б» класы бойынша кластың лидері болып Турғанова Мерейлім, класс жұлдыздары болып Асмадин Мая, Маратова Асия, Махат Ясмин, Мендигулов Адайхан, Омарғали Санжар және Утебай Лунара анықталды. Социометрия әдістемесіне түзету мақсатында окушылардың бір-біріне жылулық пен қайырымдылықты сыйлап, өзін жағымды қабылдай білу, ептілік, жылдамдықты, зейінділікті дамыту, жылы достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Окушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту» тренингі өткізілді.

Желтоқсанда 8-11 класс аралығында жасөспірімдердің сол сәттегі мазасыздық деңгейі (реактивті мазасыздық) мен тұлғалық мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Ч.Д.Спилберг және Ю.Л.Ханиннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге 8-11 класс аралығында 124 окушы қатысты. Әдістеменің қорытындысы бойынша 9 окушыда тұлғалық мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталды. Анықталған окушыларды нақтылау мақсатында жартылай сұхбатқа шақырылып, хаттамасы толтырылды. Жартылай сұхбат нәтижесінде окушыларда тұлғалық мазасыздықтың жоғары деңгей нақтыланбады. Бір-біріне қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту, өз-өзіне деген сенімділігін, жағымды қатынасты нығайту, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында 7 класпен «Құпия дос» акциясы жүргізілді.

Қаңтарда Спилберг-Ханин әдістемесін түзету мақсатында окушылардың өн бойында құнды қасиеттерді, саналы әрекетті қалыпты қарым-қатынасты дамыта отырып, өмірге жағымды көзқарасты қалыптастыру, өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету мақсатында «Өмірге жағымды көзқарасты қалыптастыру» тренингі өткізілді. 11 кластармен өзін-өзі тануын қалыптастыру мақсатында «Өзің таңдаған өмір» тренингі өткізілді.

Ақпанда 7 кластар арасында жасөспірімдердегі суицидалдық қауіпті нұсқамаларды анықтау мақсатында тұлғалық сауалнамасы алынды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша окушыларда күйзелістің, невротизациялықтың жоғары деңгейі анықталған жоқ. Тұлғалық сауалнаманы түзету мақсатында топ ұйымшылдығын, эмпатия сезімін дамыту, жағымды көңіл-күй қалыптастыру, қатысушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы кедергілерін жою және біріктіру, окушылардың жүйкелік-психикалық мазасыздануының алдын алу, стрестен арылуға көмектесу мақсатында 7 кластармен релаксациялық жаттығулар жүргізілді. 8-10 класс окушыларына «Депрессиялық мінез-құлықты өзгерту» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, окушылар бейнероликті талқылап, өз ойларын ортаға салды. 8-11 кластарға стрестің пайда болуы және онымен күресу жолдары жайында кеңестер берілді.

Наурызда 8-10 кластар арасында окушылардың стресске төзімділік деңгейін анықтау мақсатында Ховардтың тесті алынды. Тестке 8-10 кластар аралығында 112 окушы қатысты. Тест қорытындысы бойынша окушыларда стресске ұшыраудың жоғары деңгейі анықталған жоқ.

Сәуірде 8-10 класс окушылары арасында окушылардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, өздеріне құрметпен қарауға баулу, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату мақсатында «Жақсы көңіл-күй жан тыныштығы» тренингі өткізілді. 9-11 класс окушыларына стресті жеңу жолдары тақырыбында кеңестер берілді.

Мамырда 7-9 класс оқушыларымен қарым-қатынастың белсенді стилін орнату, әрі қарай ашық сөйлеуге үйрету, өзіндік «Мен тұжырымдамасын» айқындау, өзін-өзі тану, өзінің және өзгелердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату мақсатында тренинг өткізілді.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында құқықбұзушылық бойынша жоспар құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. 1 қыркүйек күні құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жасөспірімдер арасында қазіргі таңда қоғамымызда болып жатырған назар аударатын мәселелер бойынша ПБ ЖПҚБ Кенкияк кенттік Шұбарши учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Кинаш Серік Кинашұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 6 қыркүйек күні жол полиция қызметкерлері жолда жүру ережесін, жол тәртібі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 12 қыркүйек күні Темір аудандық ЖКТДЖИ полиция лейтенанты М.Ө.Түйешин 9-11 сыныптарға кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық профилактикасы жүргізілді. Қазан айында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық айы іс-шаралар жоспары аясында «Қауіпсіз балалық шақ», «Қылмыс және отбасы» тәрбие сағаттары өткізілді. Мектебіміздің психологтары «Мектептегі әлімжеттіктің алдын алу» бойынша жасырын сауалнама алынды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорттық ойындар ұйымдастырылды. «Құмар ойындары-тәуелділік қақпаны» балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Сонымен қатар «Жасөспірімдер және қылмыс» құқық қорғау органдарымен кездесулер, түнгі рейдтер ұйымдастырылды. Қараша айында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» іс-шаралар жоспары аясында «Буллинг және кибербуллинг» тренингтері, 1-11 сыныптарда «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары, «Біз өмірге сенеміз!», «Зорлық, зомбылыққа қарсымын» психологиялық тренингтер, «Өрқашан күн сөнбесін» сурет көрмесі, «Біз салауатты келешек үшін» флэшмоб ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушыларға «Өзінді кибербуллингтен қалай қорғауға болады?» жаднамалар таратылды, 8-10 кл «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» дөңгелек үстел, жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесе құқықбұзушылықтың алдын алу профилактикасы бойынша кездесу және түнгі уақытта «Құқықтық тәртіп» 10 күндік рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Қаңтар айында аудандық ЖКТДЖИ қызметкерлерімен 8-11 сынып оқушыларына алаяқтық түріндегі қылмыстардың алдын алу, интернет жүйелерінде алаяқтық тәсілмен жасалатын қылмыстардан жәбірленуші болудан, құқықбұзушылықты қандай жолдармен алдын алу тәсілдері бар екені туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Ақпан айында «Менің елім және менің құқығым» тақырыбында 1-11 сынып аралығында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, ой-өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету. 27 ақпан күні 8-11 сынып оқушылары арасында Кенкияк полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры А.Сидағали, ЖКТДЖИ, полиция лейтенанты А.Сағидан, патрулдік полиция лейтенанты А.Қартбаевтың қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында оқушыларға кешкі мезгілде ата-анасыз жүруге, көлік құралын басқаруға болмайтындығы және үшкір зат, суық қару қолдануға тым салынатындығы, мектепішілік «Тәртіпті сақтау керектігі» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына жол қауіпсіздігі ережелері туралы түсіндірілді. Сәуір айында аудандық полиция бөлімінің ЖКТДЖИ М.Түйешин қатысуымен кәмелетке толмаған жасөспірімдермен «мопед», «скутер» басқару, велоспедтерін қараусыз қалдырмау, қылмыстық құқықбұзушылық жасамау, түнгі мезгілде жүрмеу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сәуір айында ата-аналармен бірлесе құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар полиция қызметкерлерімен 9-11 сынып ер балалары мен ата-аналарына «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында профилактикалық дәріс өтті. Дәріс барысында білім алушыларға «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы» заңындағы кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайту бойынша жауапкершілік түсіндірілді. Жасөспірімдерге есірткі, синтетикалық нашақорлық, психотроптық заттардың қауіптілігі таныстырылды. Сонымен қатар, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында жиі орын алатын жол-көлік оқиғаларының себеп-салдары баяндалып, құқық бұзушылықтың барлық түрлерінің алдын алу үшін тәртіп сақтау шаралары ескертілді. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет екені айтылды. Сонымен қатар «Нашақорлық – қоғамдық дерт», «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз», «Бала құқығы», «Ерте жүктіліктің ертеңі», «Буллинг, кибербуллинг себептері, алдын алу», «Біз әлемді өзгертеміз», «Зорлықсыз әлемді қалай құруға болады?», «Құқықбұзушылық және жасөспірім» т.б. тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, класс жетекшісі, әлеуметтік педагог, психолог және АПБ қызметкерімен аз қамтылған отбасы, өгей ата-анамен, сенімхатпен тұратын оқушылардың үй тұрмысы жағдайлары зерттелді. 2024 жылдың 19 сәуір күні Темір ауданы ПБ бастығының 1-ші орынбасары полиция майоры Имашев Ж.С., Темір ауданы ПБ-нің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға инспекторы, полиция

майоры Карасаева Ф.Ф., Темір ауданы ПБ Кенкияк бөлімшесінің бастығының орынбасары, полиция капитаны Өтесін А.Н. қатысуымен 9-11 сынып ер балалары және ата-аналарымен «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өтіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жыл бойы рейд кестесі құрылып, бекітіліп құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдері түнгі рейдке шықты. Рейд уақытында ешқандай бұзақылық орын алған жоқ. Құқықбұзушылықтың, нашакорлықтың алдын алу мақсатында, салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында ер балалар, қыз балалар арасында волейболдан мектепішілік, аймақтық жарыстар өткізілді. 2024 жылдың 22 мамыр күні Кеңкияк ЖОББМ базасында прокуратура, полиция, төтенше жағдайлар бөлімі мамандарының қатысуымен жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмірі мен суға шомылу маусымы кезіңіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиналысқа Шұбарши ЖОББ мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары қатысты.

Құқықтық тәрбие берудегі қоғам алдында тұрған басты мақсат – кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың, панасыздықтың, әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, балалардың құқығын қорғау, оларға саналы тәрбие беру, бойындағы жаман және зиянды әдет пен әрекеттерден арылуға баулу болғандықтан мектеп пен АПБ бірлескен іс-шаралар жоспары атқарылды.

Әлеуметтік педагог Б.М.Давлетованың 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмысы

Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

Әр балаға қолайлы жағдай тудыру, әр түрлі әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен бағыттары:

Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көпбалалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;

Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында құжаттарын рәсімдеу;

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту жұмыстары;

Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс жүргізу. Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйден оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау,

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен Мектепке жол акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлерімен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;

Мектеп жанындағы жазғы демалыс орталықтарына, жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Оқу жылының басында барлық кластардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Мектеп оқушыларының отбасылық жағдайына сипаттама

Білім алу жағдайы: Офлайн форматта білім алушылар: 575

Мектептегі жалпы оқушылар саны- 575

Ұлы: 285

Қызы: 290

Сыныптар:

1-4 класс- 237/119

5-9 класс- 275/129

10-11 класс- 50/28

Барлық отбасы – 496

Көп балалы отбасы

Отбасы саны - 129

Бала саны- 213

Толық емес отбасы

Отбасы саны- 39

Бала саны-43

әкесі қайтыс болған отбасы саны-15

бала саны- 15

анасы қайтыс болған отбасы саны-2

бала саны – 4

ата-анасы ажырасқан отбасы саны-26

бала саны -26

Өгей әкесімен тұратын отбасы саны- 17

бала саны- 17

Өгей анасымен тұратын отбасы саны- 4

бала саны- 2

Қамқоршылыққа алған отбасы саны – 0

бала саны- 0

Аз қамтылған отбасы саны – 22

бала саны- 35

Есепте тұрған оқушылар:

Мектепішілік есепте тұрған оқушы -1

Аудандық ІІБ – де – 1

Тәуекел тобы:

Отбасы саны-0

Бала саны-0

Ерекше білім алатын отбасы саны-3

оқушы саны-3

Үйден оқитын отбасы саны-3

бала саны- 3

Туыстарымен бірге тұратын отбасы саны- 15, бала саны- 17

- Мүмкіндігі шектеулі бала саны – 6, отбасы саны-6
- Сабаққа себепсіз 10 күн қалатын бала саны- 0
- Ата-анасының қадағалаусыз, қараусыз қалған отбасы саны- 0, ондағы бала саны- 0
- Сыныпта шеттетілген бала саны- 0

2023-2024 оқу жылы бойынша Республикалық «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылуда. Бұл акция жыл бойына жалғасатын болады. Мектепішілік бұйрық шығарылып, жеке кәсіпкерлерді, мекемелерден демеуші болуға сұраныстар жіберілді. «Мектепке жол» акциясы бойынша осы тізімдегі аз қамтылған оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес киіммен, оқу құралымен көмек көрсетілді. Атап айтатын болсақ:

1. Орысбаев Азамат-Ақ жейде, шалбар, Аяқ киім, Мектеп сөмкесі
2. Қуандық Ерсұлтан-Ақ жейде, мектеп формасы
3. Әбдіраманова Сәнім-ақ жейде, сарафан
4. Сағижан Жансая-Спорттық аяқ киім, спорттық киім
5. Көбейсінов Қанағат-Ақ жейде, шалбар, аяқ киім
6. Шарипов Саламат- Спорттық аяқ киім, спорттық киім
7. Абигалиева Назерке-Оқу құралы, мектеп сөмкесі
8. Төленді Жақсылық-Костюм шалбар, аяқ киім
9. Нысан Нариман-Оқу құрал, мектеп сөмкесі
10. Мұханбетов Әділет-Костюм шалбар, аяқ киім

11. Шиндаулетова Айнара-Ақ жейде, мектеп юбкасы

12. Нұрла Зере-Күзгі етік

13. Жакенов Еркін-Ақ жейде, шалбар

Әртүрлі санаттағы оқушылар кластың әлеуметтік төлқұжатын жасақтау кезінде анықталып, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар осындай әртүрлі санаттағы оқушыларға Жаңа жылдық сыйлықтар таратылды. Жаңа жыл-бұл әрқашан да жағымды тосын сыйлар мен сыйлықтарды күту. Осы мерекені ересектер мен балалар күтеді, соның ішінде «ерекше» балалар. Бұл балалар басқа балалардан ерекшеленеді, бірақ сол барлық балаларға қажет махаббат, ойын және қарым-қатынас оларға да қажет. Олардың өмірі – бұл тек жаттығулар мен арнайы сабақтар ғана емес, ойын, қуаныш, онсыз балалық шақ болмайды. Жаңа жыл қарсаңында мектебіміздегі аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі, қамқорлықтағы барлық оқушыларға «Қамқоршылық» кеңес мүшесімен бірігіп, сыйлықпен қамтамасыз етілді. Жаңа 2024 жылмен құттықтап, Аяз ата мен Ақшақар кейпінде барлық оқушыларға сыйлық тартылды. Мектебіміздегі өгей ата-анасында тәрбиеленетін оқушылар да үнемі бақылауда. Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі бойынша өгей ата-анасында тәрбиеленетін 16 оқушы анықталды. Аудандық жоспарға сәйкес өгей ата-анасында тәрбиеленіп отырған оқушылардың тұрмыстық үй жағдайын зерттеуге класс жетекшісі, психолог, әлеуметтік педагог қатысып, кемелетке толмаған баланың тұрғылықты-тұрмыстық үй жағдайын зерттеу актісі толтырылды. Зерттей келе, төмендегідей ақпарат жинақталды:

1. Өгей әкесінде **Ережепов Бағлан Айсұлы** тәрбиеленіп отырған **Кенжегулова Інкәр** Тәуелсіздік көшесі №5 үйде тұратын 6 класс оқушыларының үйін зерттеп анықтадық: тұрғындардың құрамы 5 адам: нағашы әжесі, әкесі, анасы. Оқушылардың оқуға жағдай жасалған, жеке бөлмелері бар, үй жылы, жарық, су келіп тұр. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы жақсы. Жалпы әлеуметтік жағдайы жақсы.
2. Өгей анасында тәрбиеленіп отырған **Степная** көшесі №14/2 үйде тұратын 7 класс және **Рахимов Лияс** 6 класс оқушылары. Өгей анасы- Нукатова Гулсара Мухамбетовна. Тұрғындардың құрамы 5 адам әкесі, анасы, қарындасы. Үйдің жалпы тазалығы өте жақсы, үй жылы, таза, жинақы, су, жылу келіп тұр. Үй жарық, оқушылардың бөлмесі, киім сөресі. Кітап сөресі барлығы бар, оқуға жағдай жасалған. Анасымен қарым-қатынасы жақсы, анасы барлық жағдайын жасап, уақытылы бақылап, қадағалап отыр.
3. Өгей әкесінде тәрбиеленетін **Иманғали Ғазиза** Мұнайшылар көшесі №4/1 үйде тұратын 5 класс оқушысы. Өгей әкесі- Коваленко Тимур Айтбаевич. Тұрғындардың құрамы-5 адам: әкесі, анасы, 2 інісі бар. Ғазизаның жеке өзінің бөлмесі бар, үй жылы, жарық, барлық жағдайы жасалған. Оқитын үстелі, ктіп, киім сөрелері бар. Отбасындағы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы.
4. Өгей әкесімен тұратын 9 класс оқушысы **Тлеубаев Елдос және інісі Тлеубаев Жандос 7 класс оқушысы**. Өгей әкесі-Қойшаманов Радик. Тұрғындардың құрамы 5 адам әкесі, анасы. Бұл отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы жақсы бір-бірімен. Оқушылардың денсаулықтары жақсы, ешқандай есепте тұрмайды. Мектебіміздегі аз қамтылған оқушылардың тізімінде тұратын оқушылар, мемлекет беретін әлеуметтік пакетпен, тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.
5. Өгей әкесімен тұратын Тәуелсіздік көшесі №3/2 үйде тұратын 8 класс оқушылары **Бөрекен Мерей**. Өгей әкесі- Мамаев Жанай. Жеке жұмыс жасайды. Тұрғындардың тізімі жалпы 5 адам: әкесі, анасы, інісі. Мектебіміздегі аз қамтылған отбасы оқушыларына тіркелген, мемлекеттен көрсетілетін көмекті алып отыр, яғни әлеуметтік пакет және тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.
6. Өгей әкесінде тәрбиеленетін Қазан көшесі №10/ 2 үйде тұратын 7 класс оқушысы **Төленді Жақсылық**. Өгей әкесі- Наренов Самат. Тұрғындардың саны-4 адам, әкесі анасы, мүгедек інісі бар. Үйдің жалпы тазалығы өте жақсы, үй таза, ұқыпты, оқушының өз бөлмесі, киім, кітап сөрелері бар. Мектебіміздегі аз қамтылған отбасы оқушыларының тізімінде тұр. Мемлекеттен көрсетілетін әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етілді сонымен қатар тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.
7. Өгей әкесімен Құрылысшылар көшесі №9 үйде тұратын 7 класс оқушысы **Шиндаулетова Айнара** 7 Тұрғындардың тізімі 6 адам, әкесі, анасы, 2 інісі, 1 апасы бар. Үйі жалпы таза, жинақы, оқушының жеке бөлмесі бар. Денсаулығы жақсы, ешқандай есепте тұрған жоқ. Жалпы әлеуметтік жағдайы қанағаттанарлық, үйге кіріс көзі балалардың жәрдемақысы. Анасы құжаттарын реттегеннен кейін атаулы әлеуметтік көмек алуға құжат тапсыратынын айтты. Айнара аз қамтылған отбасылар тізімінде тұрады.
8. Өгей әкесімен Аврова көшесі 24 үйде тұратын 7 класс оқушысы **Байжанов Әлімжан**. Өгей әкесі-Исламғалиев Махсуд. Жұмыс жасайды, вахталық әдіспен 15/15. Тұрғындардың тізімі 7 адам, әкесі, анасы, 4 інісі, 1 қарындасы бар, Үйі таза, жинақы, баланың өзінің жеке бөлмесі бар. Анасы үйде бала

- тәрбиесімен айналысып отыр, декреттік демалыста. Әлімжанның денсаулығы жақсы, сабақ үлгерімі, қатысымы жақсы. Жалпы әлеуметтік жағдайы жақсы, көпбалалы отбасы болып табылады.
9. Өгей әкесімен Аврова 12/2 үйде тұратын 9 класс оқушысы **Аманжолова Жангүл Бекжанқызы. Өгей әкесі Кубаев Малик** КМК мұнайда оперотор қызметін атқарады. Анасы Есенгазина Тұрсынғұл жұмыс жасамайды. Жалпы әлеуметтік жағдайы жақсы, тұрақты табысы бар.
 10. Өгей әкесімен 1 май №12 үйде тұратын 9 класс оқушысы **Тлеубаев Елдос. Өгей әкесі Қойшаманов Радик** «Шұбарши ауылының әкімшілігі» күзетшісі қызметінде. Анасы Утегенова Шолпан «Санрайс» кафесінде басқарушы қызметін атқарады. Отбасының жалпы гигиеналық жағдайы жақсы, үйі жинақы, таза. Әлеуметтік жағдайы жақсы.
 11. Өгей анасымен 1 класс оқушысы **Рахимов Фарухали тұрады. Әкесі Рахимов Наурызбек** күзетші қызметін атқарады. Анасы Биимова Жазира жұмыссыз. Әлеуметтік жағдайы жақсы. Балаға барлық жағдай жасалған.
 12. Өгей әкесімен 1 класс **оқушысы Аманбаева Күнсұлу тұрып** жатыр. Анасы Нурлина Айжан жұмыссыз. Әлеуметтік жағдайы жақсы, баланың жағдайы жасалған. Табыс көзі тұрақты.
 13. Өгей әкесімен ул 50 лет КССР 13а көшесінде 4класс оқушысы **Сайфуллин Ислам. Анасы Сайфуллина Гульнара Зайтуновна** еңбек биржасында жұмыс жасайды. Өгей әке, бірақ заңсыз некеде тұратынын анасы ескертті. Баланың отбасындағы жағдайы қанағаттанарлық. Сабақ үлгерімі орташа.
 14. Өгей анасымен степная 13 көшесінде 5 класс оқушысы **Бақтығали Муслима Жәнібекқызы тұрады. Әкесі Қаратаев Жәнібек** СНПС машинист қызметін атқарады. Анасы жұмыссыз. Отбасында 5 адам, әкесі, анасы, екі інісі және өзі. Отбасындағы қарым-қатынас өте жақсы, жылы шырай танытқан анадан баланың көңіл-күйі көтеріңкі. Әлеуметтік жағдайы жақсы. Табыс көзі тұрақты.
 15. Өгей анасымен степная 13 көшесінде 1 класс **оқушысы Бақтығали Ибрахим Жәнібекқызы тұрады. Әкесі Қаратаев Жәнібек** СНПС машинист қызметін атқарады. Анасы жұмыссыз. Отбасында 5 адам, әкесі, анасы, екі інісі және өзі. Отбасындағы қарым-қатынас өте жақсы, жылы шырай танытқан анадан баланың көңіл-күйі көтеріңкі. Әлеуметтік жағдайы жақсы. Табыс көзі тұрақты.
 16. Өгей әкесімен парковая 17 көшесінде 3 класс оқушысы Каримбаева Яминур Есетқызы тұрады. Әкесі Мамбетов Аман Болатұлы жеке кәсіпкер. Анасы Шокпарова Ақмарал шаштараз саласында жұмыс жасайды. Мінезінде агрессиялық сипаты жоқ, сыныптағы достарымен қарым-қатынасы жақсы. Отбасындағы қарым-қатынасы жақсы. Оқушының жағдайы жасалған, табыс көзі тұрақты.
- Ата-аналарға балаларының құқықтық тәрбиесі жайында толық мағлұмат беру, әр баланың мінез-құлық ерекшеліктеріне сай қоғамда өзін-өзі ұстауы, үлкенге құрмет көрсетуі, құқық бұзбау әрекеттері жөнінде ой бөлісу, өзін-өзі тану арқылы дара тұлға ретінде өзін еріксіз бірқалыпты қалыптастыруға баулу. Жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу жолында құқықтық тәрбиенің маңызын аңғарту мақсатында ата-аналарға арналған «Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ата-аналармен сұхбат, ата-ана құқықтары және бала құқықтары туралы ақпараттар берілді.
- Шұбарши ЖОББ мектебінің жалпы мектеп оқушыларына оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында өз құқықтарын біліп жүруге, міндеттерін білуге және оны орындауға арналған «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Сонымен қатар «Тәуелсіздік» туралы ақпараттармен бөлісіп, мәліметтер біліп, өз ойларын ортаға салды. Кеш соңында оқушыларға оқу құралдарымен, тәттімен толтырылған сыйлық табысталды. Бала құқығын қорғау жұмыстары бойынша мектеп психологімен бірлесіп, 7-9 класс оқушыларына «Әлімжетікке тап болсаң өзінді қалай ұстауың керек!» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Мақсаты: оқушыларға бопсалауға тап болған жағдайда өздерін қалай ұстау керектігі туралы ақпарат берілді, ондай жағдайдан аман қалу үшін негізгі деген ережелермен таныстырылды. Сонымен қатар зорлық жасаған балалар қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы көрсетілді.
- Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша мүмкіндігі шектеулі бала саны- 6. Оның 3 оқушысы үйден оқытылады, 3 оқушысы инклюзивті бағдарламамен оқытылады. Бұл оқушылардың барлығы кітаппен қамтылған, оқу жылы басында бұйрық шығарылып, соған сәйкес мұғалімдердің сағат саны жүктеліп, сабақ кестесі құрылып, бекітілді. Үйден оқитын оқушылардың тұрмыстық үй-жағдайын зерттеу мақсатында психолог және әлеуметтік педагог үйлеріне барып зерттеу акт толтырып, ата-анадан сауалнама алып, сабақ кестесімен таныстырылды. Үйден оқытылатын оқушылардың сабақ жүргізілу барысы үнемі қадағаланып бақыланды.
- Сонымен қатар мектепшілік есепте тұратын оқушылармен жұмыс барысында әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізілді. Зерттеу акт жасалып, үнемі бақылауда болды. Мектепте класымен мектеп психологімен бірігіп, жұмыстар жасалды. Сонымен қатар «Қамқоршылық» кеңесінің де

жұмысы 2023-2024 оқу жылында қанағаттанарлық жұмыстарды атқарды. Мектеппен үнемі байланыста болып, іс-шараларға белсенді қатысты. Жоспарға сай отырыстар өткізіп, күн тәртібіндегі мәселелердің шешімін тапты.

Оқу жылының бірінші күнінен бастап бастауыш сынып бойынша – 242, жекелеген санат бойынша – 36 оқушы бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтылды.

«Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы аясында Республика күніне арналған халқымыздың рухын көтеруге және елдің мемлекеттілігін нығайтуға арналған «Ақындар айтысы» іс шарасы жоспарына сәйкес оқушылар арасында күй тартыс, мақал-мәтелдер сайысы өткізілді. Іс шаралар мақсаты Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік және оқушылардың өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу болып табылды.

Желтоқсан айында «Төрт тоқсанға- төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы бойынша ұлттық ойындарды дәріптеу, жас баланың дене күш - қуатын арттырып, оны шапшаңдыққа, дәлділікке тәрбиелеу мақсатында «Алтын сақа» атты ұлттық ойындар іс-шарасы өтті. Мектебіміздің оқушылары «Алтын сақа» Республикалық чөлентжіне қатысты. Чөлентж «Бес табан», «Бес асық» ұлттық ойындарын қамтыды. Наурыз айында балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау мақсатында еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ұлттық өнер көрмесі» өтті. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған **«Тоғыз айға 9 іс-шара»** жобасы аясында мектебімізде қыркүйек айында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу мақсатында 1-11 сыныптар аралығында «Дене сергіту» чөлентжі ұйымдастырылды. Қазан айында білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Әнұран орындау» чөлентжі 1-11 сыныптар арасында өтті. Қараша айында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында 1-7 сыныптар арасында «Асық ату» чөлентжі дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастырылуымен өткізілді. Желтоқсан айында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру мақсатында 5-9 сыныптар аралығында қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Шығарма жазу» чөлентжі өтті. Қаңтар айында білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту мақсатында математика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептері» шығарылды. Ақпан айында мектеп кітапханашылары «Оқуға құштар» жобасы аясында оқушыларды кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту мақсатында «Кітап оқу мәдениетін дәріптеу» чөлентжін ұйымдастырды.

Наурыз айында оқушылар, ұстаздар мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны насихаттау мақсатында «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар чөлентжі өтті.

Сәуір айында оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында 4-8 класс оқушылары арасында «Шахмат ойнау» чөлентжі өткізілді.

Мамыр айында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу мақсатында «Жасыл мекен» чөлентжі ұйымдастырылды. «Жасыл мекен» чөлентжі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүргізілген жұмыстары.

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берудегі мектеп кітапханасының ролі өте зор. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі, білімді болу үшін рухани жан дүниенің бай, ізгілік, қайырымдылық қасиеттер болу керек. Мектебімізде кітап көрмелерін, ауызша журнал, жаңа кітаптарға шолу өткізу арқылы мектеп оқушыларын әдеби кітап оқуға тарту мақсаты жүзеге асырылуда.

Оқу жылының басында оқушылар мен пән мұғалімдеріне ақпараттық талғамдарына сай толық және жедел кітапханалық қызмет көрсету барысында оқырмандарды қайта тіркеу, кітапхананы еркін пайдалануды үйрету, кітап көрмелерін қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы мақсатында оқулықтар бағдарламаға сай берілді. Бүгінде тәрбие жұмысының бағыттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып, кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында даталы күндерге байланысты «Әкім Тарази 90 жас», «Оралхан Бөкей 80 жас», «Бір күнде туған үш үлек: Мұхтар Әуезов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкей, С.Торайғыров 130 жас», «Жақсылық көрсем өзімнен» өлеңдер жинағынан, М.Әлімбаев «Балалар жазушысы 100 жас» Өтебай Қанахин 100 жас буктрейлер атты буктрейлерлер өткізілді. «Оқу сағаты» оқушыларды кітап оқуға шақыру 2, 3, 4, 5-сынып оқырмандарымен, «Бір апта-бір кітап» оқушыларға әдеби кітаптарды насихаттау, библиографиялық шолу, Тілдер күніне орай «Тілім-менің тірегім!»

поэтикалық марафон, «Бір ел – бір кітап» акциясына ТӘБДІКТІң «Оң қол» повесін оқу оқырмандармен талдау жұмыстары жасалды. «Жаңа кітаптар әлемі» атты библиографиялық шолу жасалды, «Тәуелсіздік тірегіміз» кітап көрмесі «Мектепке кітап сыйла» акциясы, Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы аясында «Бізді ақылды ететін кітап-дана» тақырыбында кітаптар керуені, Кітаптың жан азық деп қанып іш..." «Ізден, талаптан, оқырман» «Әдеби джем ойыны», «Күзгі демалыста кітап оқимыз» 2-11 сынып, Бір-сынып бір-кітап» ,Бір апта-бір кітап» акциясы, «Кітап-алтын қазына» білім алушылар арасында эссе, «Абай дана-Абай дара қазақта», Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік жетістіктері» атты кітап көрмелеріне библиографиялық шолу, «Мен оқыған бір кітап» бейнеролик оқырмандармен, «Менің үйімдегі кітаптар» балалар мен ата-аналардың видеороликтері мен презентациялары , «Сүйікті кітабым» атты көрме ұйымдастыру, «Әжемнің ертегілері » отбасылық мәнерлеп оқу, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында: Дүниежүзілік кітап күніне орай «Кітап күніне байланысты «Сен және сенің досың » танымдық сабақ оқырмандармен, «Кітап-ақыл ойдың қазынасы» сынып болып бір шығарманы оқу, талқылау, «Қалың қалай оқулық?» оқулықтардың жай-күйін тексеру рейд жүргізу 1-4 сыныптардың, «Қалың қалай оқулық?» оқулықтардың жай-күйін тексеру жыл» буктрейлер, «Кітапханаға саяхат» 1-11 сыныптар, «Мен оқығанды ұнатамын» 20 минуттық оқу жобасы «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспар бойынша жасалған жұмыстарын қорытындылау оқырмандарымен жоспар бойынша жұмыстар өткізіліп, өткізілген жұмыстар мектептің әлеуметтік желісінде жариялап отырамыз. Қазіргі мектеп жасындағы балаларды белгілі бір дүниемен қызықтырып, бес минут бойына тыңдатып, отырғызып қою оңай емес. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жұмысын жаңашыл әдістермен оқырмандардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында жұмыстар жүргізіп келеміз.. Мұндай жобаларды одан әрмен дамытып, республикалық деңгейде дем беру үшін тек оқушылардың ғана емес, ата-ананың да қызығушылығын арттыру бағытында бірқатар іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр. Бұл жоба оқушылардың ойлау мүмкіндігін кеңейтуді көздейді. Мысалы, Жобаның мақсаты – еліміздегі кітапханалар ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен жастардың қызығушылығын арттыру. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы соңғы жылдары оқырмандарға қызмет көрсетудің өз уақытының деңгейінде болып, мектеп тәрбие процесіне ат салысып балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеуде белсене көмек беріп келеді.

Қыркүйек айында «Ұшқыр ой дебат» клубы жобасы аясында жоспар құрылып, бекітілді. Дебат жетекшісі тарих пәні мұғалімі Шаймерден Қ бекітілді. Клуб құрамына 8-10 сынып оқушыларынан 40 оқушы алынды. Жоспар бойынша қыркүйек айында «Б.п Қазақстанда өзін-өзі оқытудың даму механизмі ұсынады» тақырыбында, қазан айында «Б.п жастар партиясын ашады», қараша айында «Б.п балалардың қылмысы үшін ата-аналары жауап бермеуі тиіс д.е», желтоқсан айында «Б.п техникалық анализден фундаменталды анализ артық д.с», ақпан айында «Оқушыларға мектепте ұялы телефон ұстауға рұқсат беру керек пе?» турнир, наурыз айында «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» турнирі, мамыр айында «Ел ертеңі – жастар» тақырыбында турнирлер өткізілді.

«Бала және театр» жобасы аясында қыркүйек айында бастауыш сыныптар арасында «Менің сүйікті ертегім» тақырыбында сурет байқауы өтті. Қазан айында «Көркем ой, көркем сөз» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Балалардың тілдік қорын дамыту мақсатында қараша айында «Балалар әлемі» атты ертегі қойылымы қойылып, жоғары сыныптарда «Шебер қолдар» атты шебер класс ұйымдастырылды. Желтоқсан айында 7-8 сыныптарда «Сұлтан Бейбарыс» тақырыбында қойылым қойылды. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында қаңтар айында «Көңілді стенд» фото байқауы жасалды. Сүйікті ертегілерін еске түсіру мақсатында бастауыш сыныптар арасында ақпан айында «Алладин ертегісі» және жоғары класс оқушылары арасында «Махаббат қызық мол жылдар» қойылымы көрсетілді. Наурыз айында театр күні аталып өтті. Сәуір айында жоғары сынып оқушылары арасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты тақырыбында кинотайм өткізілді.

Қыркүйек айында адал еңбекпен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасының жұмыс жоспары құрылып бекітіліп жоба жетекшісі әлеуметтік педагог Давлетова Б тағайындалады. «Сәлем, жаңа оқу жылы» тақырыбында құжаттар тізбесі жасалынды. Қазан айында «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қараша айында Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді. Желтоқсан айында «Мен-еріктімін» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске байланысты сынып сағаттары өтті.

Оқушыларды құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, азаматтық пен мемлекеттілікке тәрбиелеу мақсатында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасының жоспары құрылып, жоба жетекшісі болып тәлімгер Өсербай А жұмыстары тағайындалды. Қаңтар айында оқушыларға табиғаттың тозуы – экологиялық дағдарыс екенін түсіндіре отырып, табиғат әсемдігін көре білуге, оны аялауға, қорғауға тәрбиелеу мақсатында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Ақпан айында оқушылардың жақсылық құндылығы туралы, «жақсы адам» туралы түсініктерін

кеңейту және жақсылық пен жамандықтың қатар жүріп адам өмірінде сан килы белең көрсететінін ұғындыру мақсатында тәлімгер Өсербай А ұйымдастыруымен жалғызбасты қарияларға «Жақсылық жасайық» акциясы ұйымдастырылды.Наурыз айында «Үміт сәулесі» акциясы ұйымдастырылды.Сәуір айында оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту мақсатында «Табиғат тамашалар» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.Мамыр айында эстетикалық талғам мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектеп ауласына оқушылармен бірге Давлетова Б гүлдер отырғызды.

Қыркүйек айында жолда жүру ережелерін, білімдерін пысықтау, өмірдің маңызын түсіндіру мақсатында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.Қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Өнегелі өмір» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.Желтоқсан айында тәлімгер Өсербай А «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды.Ақпан айында «Сен және Заң» тақырыбында сынып жетекшілер оқушыларға сынып сағаттарын өткізді.Наурыз айында аалғыс күніне орай «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» тақырыбында тәлімгер А.Өсербай оқушылармен сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды.Сәуір айында қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйрету; өскелең ұрпақтың бойына экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру; экологиялық білімді насихаттау мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 сынып оқушыларымен «Қоқысты қайта өңдеу процесі» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасының жоспары қыркүйек айында құрылып,жоба жетекшісі болып, дене шынықтыру пәні мұғалімі Тоқтамысова А бекітілді.Жоспар бойынша қыркүйек айында 1-11 сынып оқушылары мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттау бағытында «Ұлттық мектеп лигасының ашылуы, «Денсаулық күніне» орай спорттық іс шаралар өткізілді.Сонымен қатар оқушыларға «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Қараша айында 3-4 сынып оқушыларына «Ұлттық құндылық-ұлт қорғаны» тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырылды.Желтоқсан айында 5-6 сынып арасында «Асық ату» челленджі ұйымдастырылды.Қаңтар айында 7-8 сынып арасында «Ұлттық ойын – халық қазынасы» тақырыбында спорттық сайыс өтті.Наурыз айында 8-9 сынып оқушыларына «Ұлттық ойындар фестивалі» спорттық сайыстар ұйымдастырылды.Сәуір айында мектеп аралық волейболдан жарыс өткізілді.Оқушыларды желіге таратылатын ақпаратқа сыни көзбен қарауға.Интернет желісіндегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру,интернетті оң және теріс жақтарын айыра білу қабілеттерін дамыту,интернет желісі туралы түсініктерін кеңейту,компьютерлік сауаттылықтан ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасының жоспары құрылып, жоба жетекшісі информатика пәні мұғалімі Нұрмағамбетов М бекітілді.

Жоспар бойынша қараша айында 5-6 сыныптарға «Қауіпсіз ғаламтор» тақырыбында сыныптан тыс шара өтті.Желтоқсан айында 7-8 сыныптарға «Қауіпсіз деп ойлама, интернеттен ойнама» тақырыбында информатика пәні мұғалімі Нұрмағамбетов М сыныптан тыс іс шара ұйымдастырды.Ақпан айында информатика пәні мұғалімі Жұбаназарова Н компьютерлік сауаттылықты арттыру мақсатында «Пайдалы және пайдасыз интернет» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді.Наурыз айында Нұрмағамбетов М жоғары сынып оқушыларына «Қауісіз ғаламтор – қауіпсіз қоғам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.Сәуір айында дебат жетекшісі Шаймерден Қ 8-9 сынып оқушыларына «Интернет-кітапты алмастыра алмайды деп есептейді» тақырыбында пікір сайыс ұйымдастырды.Мамыр айында информатика пәні мұғалімі Нұрмағамбетов М 9-11 сынып оқушыларына «Ғаламтор мәдениеті» тақырыбында сыныптан тыс шаралар өткізді.

Ұсыныс: 2023-2024 оқу жылына тәрбие жұмысы бойынша ұсыныс

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйек № 294 шығыс хатын басшылыққа ала отыра «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы бұйрығы негізде жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс-тәжірибесін жинақтау.

2. Сынып жетекші оқушылардың қызығушылығын арттыру бағытында тәрбие сағатына жаңа технология элементтерін қолдану.

3.Мектеп пен ата-ана байланысын нығайту үшін түрлі отбасылық сайыстар өткізу, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау», «Даналық мектеп» бағдарламаларының жұмысын жандандырып,сыныптағы жиналыс форматтарын өзгерту арқылы ата-аналардың жиналысқа қатысу деңгейін көтеру.

4.Шығармашыл, жаңашыл сынып жетекшілердің тәжірибесін тарату, басылымдарға жазу.

Түсінік хат

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

